


Ағыбайдың " Наркескені "



Таяуда Қазақстан Республикасының орталық мемлекеттік мұрағатында-1922 жылдан бері сақталып келе жатқан (КРОММ 56—қор, 1-тізімдеме, 42-іс), «тоналған ел» деген құжат назарымызды бірден аударды. Материалдың соңына көз жіберіп, Мадьяр (М. Дулатовтың бұркеншік есімі—3. И.) деген есімді оқып олжа тапқандай қуандық. М. Дулатов, бұл құжатты 1922 жылдың тамыз айында жазған, қыркүйектің бірінде тіркеуге алынған деп, шаймалаймыз.

ТОНАЛҒАН ЕЛ

Қарқаралы уезінің шекаралық болыстары өткен жылы және оның алдындағы жылы Ақмола қаласынан шыққан отрядтардың шапқыншылығына бірнеше рет душар болды. Кінәсізден-кінәсіз таалай жан соққыға жығылды.

Бұл жағдай екі облысқа да (Ақмола облысының Ақмола қаласына, Семей облысының, Қарқаралы қаласына) белгілі.

Міне жақында тағы да мынадай бұзақылық жүргізілген:

25 маусымда Ақмоладан Қарқаралы уезінің Сарыбұлақ болысына 25 адам келді. Отряд өздерін Коммунистік отрядпыз деп атаған. Отрядтың басшылары белгілі Дорешенко, Зайцев және Колесниковтар болған. Олар елден мылтық жинауды мақсат еткен. Міне, сол отрядтың Сарыбұлақ болысында не істегенін, көріңіздер.

5-ші Дүйсен Бектеміровтің ауылында мылтық атып, атып тастаймын деп қорқытып өздеріне кездескен қазақтарды қыран жапқандай қирата сабап, өлімші етіп ұрып-соғып күдеге (маяға) әкеп тыққан.

Өлімші болып таяқ жегендер:

Дүйсен Бектеміров, Еркебек Дүйсенов, Сәттібек Бектеміров, Құлжан Аманов, Сақатбек Дүйсенов, Ахмет Бектеміров, Юсупбек Аманбаев, Қазақбай Әлкіев, Жұмахан Сопин, Мұстафа Сопин (Сопы—Ағыбай батырдың баласы), Әліқұл Сейіткамалов, Іскендір Белгібаев, Жакыпбек Түгелбаев, Айнабай Баймараев, Әбілда Баймараев, Жаксыбай Биғанбаев, Үсен Мұрзанбетов, Түлкібай Құлтанов.

Бұлардың үстіне таяқ жеген әйелдер де бар. Елді онан да бетер қорқыту үшін пулеметтен оқ жаудырған. Осыдан кейін отряд елді тонауға кіріскен. 50 шамалы атпен айғырды ұстап алып, оның 20-сын қайтарып беріп 30-ын өздері алған.

Мұнан басқа тоналған заттан: 181 пар ақбөкен мүйізі, 17 жастық, 5 киім, 7 шекпен, 15 білезік, 5 сақина, күміспен өрнектелген 5 ертоқым, 2 күмістелген,, (оқылмайды өшкен—3: И.) 2 қап ұн, 20 сом күміс, 15 мысқал теңге) әр мысқалдың салмағы 4, 25 гр—3, И.), 4 кілем; 2 ішік,, (өшіп кеткен 3, И.) және басқалары.

Ағыбай батырдан наркескен деп аталатын қылыш қалған еді. Осы қылышты Сопының әйелі Ағыбай батырдың келінінің үйінен тауып алды. Әйел: «Қалаған, көңілдеріне ұнаған барлық заттарды алыңдар, бірақ атамнан қалған ескерткіш, оның көзі қылышты қалдырыңдар» деген зарын тыңдамай, оны өлімші етіп, ұрып-ұрып... (қалған сөздер оқылмайды.—3. И.), Қылышты тартып алып кеткен.

Отряд ауылды ойрандап болғаннан кейін болыс атқару комитетіне келіп, бірнеше құс мылтықты таңдап алған. Сөйтіп отряд жеңіл келіп, барлығын тиіп, артынып—тартынып ауыр жүкпен кетті.

Дәл осы отряд жинаған олжаларын апарып тастап, 12-шілдеде де Қарқаралы уезінің Қызылтау (әлде Қызылту болуы да мүмкін, өшіп кеткен—3. И.), болысын тонады. Асанбек Қарабековтің ауылына келіп, өздеріне екі үй тігуді, үш қой сойып беруді талап еткен. Сол ауылда түнеген. 100-ге тарта қазақты жи-

нап олардан мылтық тауып беруді талап еткен, өлімші етіп сабап, ұрып, соққан... (бірнеше сөз өшіп кеткен—3. И.), Қырып-жоямын деп қорқытқан.

Осы ауылда аштыққа қарсы күресетін: ұйымның мүшелері Ахмет Әбдіраймовты, Іскендір Тұлқанбековті (Толқынбеков болуы да мүмкін—3. И.) олардың кім екендігін білу үшін мандаттарын: сұрағанда тұтқынға алған.

Барлық әйелдерді зорлаған. Бұл ауылдан 20 жылқы, 5 түлкі ішік, күміспен өрнектелген бір ертоқым, бір жай ер (қалған сөздер оқылмайды—3. И.), 5 шапан, бір киіз текемет, 20 сақина, 353 күміс теңге, 3 сейсеп, бір арбаны тартып алып кеткен.

Отрядтың Мойынты болысына бару ниеті бар.

Жоғарыда аталған болыстар мұндай зорлық—зомбылыққа шыдай алмай, Ақмола облысынан... (бірнеше сөз өшіп кеткендіктен оқылмады—3. И.). Түркістан өлкесіне кеткен. Ол жақтан туған жеріне таяуда ғана оралды.

Бұл жайында Қарқаралы уаткомы мен укомы Семейге және Ақмолаға жедел хат жіберген. Бірақ онан әлі күнге нәтиже жоқ.

МАДИЯР

1-тізімдеме, 42-іс, 25-п,

«Егемен Қазақстан» газетінен.

Редакциядан: Бұл уақиға осы күнгі Шет ауданы территориясында болған жағдай. Сарыбұлақ болыстығы осы күнгі Босаға, Киікті, Қызылтау жерінде болса, Қызылтау болыстығы Тағылы-Бұғылы, Нұраталды маңын мекен еткен халықтың болыстығы,

М. Дулатов көрсеткен Сарыбұлақ болысында өлімші болып соққыға жығылған 19 адам мен Асанбек Қарабековтың ауылында 100-ге, тарта жәбірленгендерден қалған ұрпақтарының жұрағаттары, құйма құлақ, жады берік қарттар, әңгіме болып отырған осы мәселелер Ағыбай батырдың Наркескені жөнінде білетін деректерін аудандық редакцияға жолдап, не телефонмен хабарласуын сұраймыз.